

Тәрбие жұмысының жылдық есебі

2022-2023 оқу жылы

«Еркіншілік ауылының жалпы орта
білім беретін мектебі» КММ-нің
директоры Исатаева Б.Г-ға
ДТЖО Мырзахан Кайратгул,
Салкынбаева А.А-дан

**«Еркіншілік ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ бойынша тәрбие
жұмысының жылдық есебі
2022-2023 оқу жылы**

«Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі» ММ –нің жоспарын басшылыққа ала отырып, мектептің тәрбие жұмысының жоспары құрастырылып, бекітілді. Оқу жылының басында 2021-2022 ж. атқарған жұмыстарға талдау жасау арқылы жаңа оқу жылының міндеттері айқындалды, ұйымдастыру шаралары іске асты: сынып жетекшілер тағайындалды, оқушылардың және ата-аналардың әлеуметтік жағдайы туралы мәліметтер жиналды, тәрбие жоспарының бағыттары белгіленді, сынып бөлмелері бекітіліп, белгіленді. Сонымен қатар тәрбие шараларға бақылау басшылық жасау іске асты. Оның ішінде сынып жетекшілердің тәрбие жоспарлары тексеріліп, бекітіліп оқушылардың киім-киісіне, күн режиміне бірыңғай талаптар қойылды. Сынып арасындағы рейтинг жүргізудің реттілігі мен мақсаттылығы және тоқсан сайынғы тәрбие жұмысы бойынша есебі мен педагогикалық кеңесте талқыланатын мәселелер қамтылды.

Мектептің тәрбие жұмысы бойынша өзекті мәселесі:

- Мектептегі тәрбие жұмыстарын жаңа технологияларды пайдалана отырып, дамыту;
- Дені сау, ұлттық сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, еңбеккор, білімді, алдына мақсат қойып, оған жетер жол таба білетін ұрпақ тәрбиелеуге жағдай жасау;

Мектеп және сынып жетекшілердің тәрбие жұмыстары төмендегі бағыттарды қамтыды:

- **Қазақстан патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие**
- **Рухани-адамгершілік тәрбие**
- **Ұлттық тәрбие**
- **Отбасылық тәрбие**
- **Еңбекке баулу және экологиялық тәрбие**
- **Көпмәдениетті және көркем –эстетикалық тәрбие**
- **Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты**
- **Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі**

Тәрбие жүйесінің құрылымы: - Психологиялық –педагогикалық қызмет;

- Ата-аналармен жұмыс;
- Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігінің жұмысы;
- Өзін-өзі басқару жүйесі;
- Салауатты өмір салты орталығы;
- Құқықбұзушылықтың алдын-алу кеңесі;
- Мектептен тыс мекемелермен байланыс жұмыстары;
- «Адал ұрпақ» еріктілер клубы;
- «Абай» клубы;
- «Отбасы» клубы;
- «Дебат» клубы;
- «Өзін-өзі басқару» ұйымы;
- «Балалар өкілдері»;
- Қамқорлық кеңесі;
- «Жас Ұлан» ұйымы;

Тамыз айында барлық мектеп жасындағы балаларды оқуға тарту, аз қамтылған отбасынан шыққан оқушыларға жан-жақты материалдық көмек көрсету мақсатында «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылды, аз қамтылған отбасынан шыққан білім алатын 130 оқушыға жаппай оқумен қамту қорынан қаржылай көмек көрсетілді.

Мектебімізде жоспар бойынша өткізілетін мерекелік іс-шаралардың барлығы жоғары деңгейде жүргізілді. Атап айтсақ: 1 қыркүйек «Білім күні» барша оқушылар мен аяулы ұстаздардың асыға күткен мерекесі. Білім күні әр жыл сайын дәстүрге айналған

«Сыңғырла, алғашқы қоңырау» салтанатты жиыны мектеп ауласында мерекеге сай безендіріліп өткізілді. Жиынға ата-аналар, ауыл әкімі, ардагер ұстаздар, мектеп әкімшілігі, ұстаздар мен оқушылар қатысты. Дәстүрлі мерекенің ең басты қонақтары алғаш мектеп табалдырғын аттаған 1 сынып оқушылары. Алғашқы қоңырау соғу рәсімі 11 сынып оқушысы мен 1 сынып оқушысына берілді. 1-қыркүйек Білім күні 1-11 сыныптары «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және патриотизм» атты тақырыбында сынып сағаттарымен жалғасыты. Қыркүйек айының 5 жұлдызынан бастап «Тәуелсіздік – мемлекеттік тіл тірегі» атты тіл апталығына жоспар құрылып, тіл мұғалімдері өз ретімен өткізіліп отырды. «Тіл күдіреті», «Тіл тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз» атты 1-11 сынып жетекшілері сынып сағатын өткізді. Мектеп кітапханашылары Ахмет Байтұрсынұлы- 150 жылына орай «Дәуірдің жарық жұлдызы- Ахмет Байтұрсынұлы» атты кітап көрмесін өткізді. 1-11 сынып жетекшілері «Ұлттың ұлы ұстазы- Ахмет Байтұрсынұлы» атты сынып сағатын өткізді. Барлық сынып жетекшілері және оқушылар белсенді қатысты. «Отбасы- орта мектеп» жобасы аясында «Отбасым – бақыт мекенім» атты 1-11 сыныптар сынып сағатын өткізді.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Мұхтар Әуезов – 125 жыл» атты мектеп кітапханашылары көрме ұйымдастырды. «Мұхтар Әуезов – қазақ әдебиетінің тарланы» атты тіл мамандары 5-11 сыныптарға бейнероликтер көрсетіп, анық сабақтар өткізді. Ал 1-4 сынып жетекшілері «Кітап – ақылына ақы сұрамайтын алтын қазына» атты сынып сағаттарын өткізді. 5-11 сынып оқушылары мен сынып жетекшілері «Еңбек – елдің мұраты» жобасы аясында мектеп аумақтарында тазалау, абаттандыру, қураған бұталарды кесу жұмыстарын жүргізді. Оқушылар өте белсенді қатысты. Мектебіміздің директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, мектеп психологы және сынып жетекшілері 1-11 сынып оқушыларына «Көше тәртібі- өмір сүру тәртібі», «Мектеп формасы», «Мектеп формасымен киіне білейік!» тақырыбында сыныптар арасында әңгімелер жүргізді. Денсаулық күні фестивалына жоспар құрылып, өз ретімен өткізіліп отырды. 8-9-10 сынып оқушылары арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру, денсаулықты нығайту, көңіл күйді көтеру, сыныппен бірге ұйымшылдықты сезіну мақсатында «Көңіл күй және денсаулық» тақырыбында флэш-моб байқауы ұйымдастырылып өткізілді. «Салауатты өмір салтын сақтау жобасы аясында дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері таңғы жаттығу ұйымдастырды. Мектебіміздің медбикесі Жаба Акерке «Дұрыс тамақтану – үздік білім алудың жолы!» атты мектеп оқушыларына әңгіме жүргізілді. Оқушылардың барлығы белсенді қатысты.

1 Қазан – Халықаралық қарттар күніне арналған түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып өткізілді. «Жас Ұлан» ұйымының мүшелері қарт ата-аналарымыздың үйіне барып үйлерін, ауласын тазалап берді. Мектебіміздің директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Мырзахан К, Салкынбаева А.А. және мектеп психологы Жайсамбаева Е.Ә. 5-11 сыныптар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында «Ата – ананың бала алдындағы міндеті мен құқығы», «Ерекше қадағалауды қажет ететін оқушыларды анықтау», Құқық қорғау қызметкерлерімен бірге 10 күннен артық сабаққа келмей жүрген оқушылармен жұмыс жүргізді.

«Жол ережесін білейік аман-есен жүрейік!» атты сынып сағаттары 1-4 сыныптар арасында өткізілді. Сонымен қатар мектебіміздің АӘД пәні мұғалімдері Каримжан К, Абилядаев Б.Ш. және 9-11 сынып жетекшілерімен бірлесе отырып «Оқушыларға экстремистік көзқарастар мен іс-әрекеттерге қарсы тұру қасиеттерін қалыптастырудағы отбасы мен мектептің тәрбиелік мүмкіндігі» атты сынып сағаттары мен әңгімелер жүргізілді.

3-7 қазан күндері аралығында мектебімізде ұстаздар күніне арналған 1-10 сыныптар арасында түрлі іс-шаралар өткізілді. 11 «А», 11 «Ә» сынып оқушылары мен сынып жетекшілері Мырзат Айдос, Молхы А.Б. «Ұстаз аты – биік, әрі мәңгілік» атты мерекелік кеш ұйымдастырды. Кешке ұстаздар, мектеп әкімшілігі мен бір топ ардагер ұстаздарымыз қатысты. Мерекелік кеш мектеп АКТ залында мерекеге сай безендіріліп өткізілді. Кеште оқушыларымыз өздері дайындаған жыр шумақтарын, ән-би онерлерін ұстаздарына тарту етіп, ұстаздардың ризашылығына бөленді. Кеш соңында бітіруші сынып оқушылары ұстаздарына арнап «Ұстазым» әнін хормен орындап мерекелік кешті аяқтады. Өзін өзі басқару ұйымының тәлімгері Депутат Наурызгул «Адамға қуаныш сыйла» тақырыбында

9-11 сыныптар арасында дөңгелек үстел өткізді. Мұражайға бір күн «Рухани жаңғыру және кәзіргі білімді жастар міндеті» тақырыбында 1-4 сыныптар сынып сағаттарын өткізіп, мұражайға эскурсия жасады. 5-8 сыныптарда «Туған елге тағзым» атты ашық тәрбие сағаттарын өткізді. Мектеп кітапханашылары «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Бір отбасы- бір кітап» атты бейне түсірімдер жасады. Өзін –өзі басқару ұйымы 8-11 сыныптар арасында «Көшбасшы -2022» атты презентациялар көрсетті. 1-11 сынып жетекшілері «Сак болсаң, сау боласың!» атты сынып сағаттары мен видео түсірімдер түсірді. 9-11 сыныптарға мектеп психологы мен сынып жетекшілері бірлесіп «Мұндай мамандықтар бар» атты презентациялар өткізді. Дебат клубының жетекшісі 8-11 сыныптар арасында «Әдептілік белгісі- иіліп сәлем бергені» тақырыбында пікірталас өткізді.

Қазан айының 28 күні мектепшілік ата-аналар жиналысы өткізілді.

Күн тәртібінде:

1. Білім беру процесінде оқушылардың ішкі тәртіп ережелері мен қауіпсіздік талаптарын сақтауы туралы (Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Салкынбаева А.А.)
2. «Ата – аналардың балаларды тәрбиелеу және оларға қауіпсіз жағдай жасау жауапкершілігі. Рұқсат етілмеген бұқаралық іс- шараға қатысқаны үшін әкімшілік жауапкершілік (Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі: Хуанар Мереке)
3. I тоқсан қорытындысы
(Директордың оқу - тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Байтасова Ш.Ш.)
4. Экстремизм мен терроризм: түсінігі, мәні, көрініс формасы
(Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі: Жампеисова А.М)

Қараша айының үші күні сынып жетекшілер бірлестігінің отырысы өтті.

"Сынып жетекшісінің сынып ұжымының қалыптасуындағы рөлі және оның әр оқушының жеке басының қалыптасуына әсері" атты коучинг өткізілді. 16 қараша күні мектебімізде 5-10 сынып оқушылары арасында «Аяулы күз, алтын күз» атты байқауы ұйымдастырылып өткізілді. Байқаудың мақсаты оқушылардың бойына патриоттық сананы қалыптастыру, жыл мезгіліне арнайы көңіл бөлу және биылғы оқу жылының күз ханзадасы мен ханшайымын таңдау. Жыл мезгіліне байланысты мектеп АКТ залы тақырыпқа сай безендірілді. Байқауға қатысушы сыныптар күз тақырыбы бойынша жарнама, күзгі ас мәзірі, күз сыйы көрме, күзгі сән үлгісі тақырыптары бойынша өз өнерлерін ортаға салды. Байқауға қатысушы сыныптар өте жоғары деңгейде дайындалғандарын көрсетіп көпшілік көрерменнің көңілінен шықты.

Мектеп психологы 1-11 сыныптар арасында «Құқықтық сауаттылық» және «Зорлық зомбылықсыз балалық шақ», «күқықбұзушылықтың алдын – алу» тақырыптарында сынып сағаттарын және сауалнамалар өткізілді. Дебат клубының жетекшісі Жампеисова А.А 9-11 сыныптар арасында «Қоғамдық тәртіп негіздері» тақырыбында дебат ойынын өткізді.

Ауылдың жергілікті полиция инспекторы, полиция капитаны Ерик Жолдасұлы Исенов «Бала құқығы- адам құқығы» атты 7-11 сынып оқушыларына әңгіме өткізді.

1-11 сынып жетекшілері ұлттық валюта күніне орай «Теңге – Тәуелсіздік келбеті» , « Ұлттық валютамыз – тәуелсіздігіміздің көрсеткіші» тақырыбында сынып сағаттарын өткізді. Сонымен қатар дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері ұлттық ойындарды көпшілікке танымал ету мақсатында ұлттық спорт түрлері бойынша мектепшілік жарыстар өткізді. 1-4 сынып жетекшілері «Океге – ізет, анаға құрмет» тақырыбында ашық тәрбие сағаттарын өткізді. Дебат клубының жетекшісі Жампеисова А.А «Ұшқыр ой аланы» тақырыбында 10 сыныптарға пікірталас өткізсе, 10 сыныптар арасында Маутай Бейбітхан мұғалім «Түркі әлемнің бесігі» «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламасы аясында брейнинг өткізді.

Еңбек – елдің мұраты жобасы аясында 1-11 сыныптар арасында «Адал еңбек бейнесі» тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылды. Оқушылар белсенді қатысты. "30 үздік қол өнер бұйымы" атты қол өнер көрмесі көркем еңбек пәнінің мұғалімдерінің ұйымдастыруымен өтті. ЖҚТБ- га қарсы күрес күні «21 қараша- Дүниежүзілік туберкулез ауруымен күрес күні» осы күнге жоспар құрылып өз ретімен өткізілді. Барлық сыныптар белсенді қатысты.

1-11 сынып жетекшілері «Мен және менің елім» тақырыбында сынып сағаттарын өткізді. 8-11 сыныптарда «Мәңгілік Елдің мызғымас 7 негізі» тақырыбында дебат ойындарын өткізді. «Тәуелсіз елдің бақытты отбасы» атты 1-4 сыныптарда сынып жетекшілері сынып сағатын өткізді. «Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын!» тақырыбында дене шынықтыру пәні мұғалімдері спорттық іс-шаралар өткізді. «Қазақстанның мәңгілік жері- Ұлы Дала Елі» атты интеллектуалдық ойын 8 сыныптар арасында Ардай Хуантхан мұғалім өткізді. Оқушылар белсенді қатысты. Мектеп парламенты мен мектеп әкімшілігі 1-11 сыныптар арасында «Жылдық үздік сыныбы» байқауын өткізді. Сонымен қатар 8-11 сынып жетекшілері «Іскерлік қарым- қатынас этикасы» тақырыбында сынып сағаттарын өткізді. Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында, мектеп психологымен бірлесе отырып оқушылармен үнемі әңгіме жүргізіліп отырылады. Ерте жүктіліктің алдын алу шарасы бойынша «Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» тақырыбында мектеп медбикесімен және психологтармен бірлесе отырып 8-11 сыныптар арасында кездесулер өткізіліп, видеороликтер көрсетіліп, лекциялар оқытылды.

28-29 желтоқсан аралығында мектепшілік «Қиял ғажайыпқа толы Жаңа жыл» тақырыбында Жаңа жылдық шырша мерекесі ұйыдастырылып өткізілді. Мектептегі жаңа жылдық шырша түрлі-түсті ойыншықтар, аяз-ата мен ақшақар суреттерімен безендірілді. Шыршаға барлық сынып оқушылары түгелдей қатысты. Алғашқы шырша мерекесін бірінші болып, 1«А», 1«Ә», 1 «Б», 1 «В» сыныптары бастап берді. Мектеп директоры Исатаева Б.Г. шырша мерекесіне келген барлық оқушылар мен ата-аналарды келе жатқан 2023 жыл, қоян жылымен құттықтап жаңа жылдық шырша шамын жағып мерекені ашып берді. Барлық оқушыларымыз өз өнерлерін ортаға салып Аяз-ата мен Ақшақардың сыйлығына бөленді. Шырша мерекесі барлық оқушыларымызға көтеріңкі көңіл – күй сыйлап қуантты.

Сынып жетекшілер, 26.12.22 -28.12.22 ж аралығында төменгі күн тәртібі бойынша сыныпта ата - аналар жиналысын өткізді.

Күн тәртібінде:

1. Аутодеструктивті мінез-құлыққа бой алдырмаудың шаралары (мектеп психологы Жайсанбаевой Е)
2. Баяндама: "Жасөспірімнің жынныстық тәрбиесі " (Сынып жетекшілері)
3. Оқушылардың қысқы демалыс мезгіліндегі жалпы қауіпсіздік ережесі (Сынып жетекшілері)

Қаңтар айының оны күні тарих пәнінің мұғалімдері Ардай Хуантхан мен Маутай Бейбітхан 7 сыныптар арасында Ахмет Байтұрсынұовтың шығармашылығы тақырыбында сынып сағаттарын өткізді. 1-11 сыныптың сынып жетекшілері «Эко- әлемі» тақырыбында әр түрлі іс-шаралар ұйымдастырып, сынып сағаттарын өткізді. 1-11 сыныптар арасында «Әр отбасы әлемнің бір бөлігі» атты көрме ұйымдастырылды. Мектебіміздің медбикесі Жаба Акеркемен 1-4 сынып жетекшілері бірлесе отырып, ЖРВИ, тұмаудың алдын алу бойынша оқушылармен әңгіме жүргізді 1-11 сыныптар арасында «Жауапкершілік және оны іске асырау нысандары. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі» тақырыбында әр – түрлі іс шаралар өткізілді. Оқушылар белсенді қатысты. Сонымен қатар мектеп мұражайына барлық оқушылар топсаяхат жасап отырады.

Мектеп кітапханашылары «Соғыс үшін ешкім жаралған жоқ» атты Ауғаныстаннан әскерлерді шығару күніне арналған көрме ұйымдастырды. Мектеп үйлестірушісі «Ұлттық ойындардың пайдасы» туралы 9-10 сыныптарға дебат жүргізді. Ауған соғысы жайлы мағлұматтар алып, оқушылардың ерлік қабілеттерін кеңейту, тарихи оқиға туралы мәлімет беру, оқушыларды ұлтжандылыққа тәрбиелеу мақсатында.

Оқушыларды қайырымдылыққа, адамгершілікке, жақсы үлгі өнегеге, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу қасиеттеріне, мейірімділікке тәрбиелеу мақсатында 1-4 сынып арасында «Адамгершілік дегенді қалай түсінесің?», 5-8 сыныптарда «Рухани бай адам ол қандай болмақ?» 9-11 сынып оқушылары арасында «Қарттарым – асыл қазынам» атты сынып сағаттары өткізілді. Отбасы клубының жетекшісі Молхы А.Б «Бала тәрбиесі басынан, еңбекке баулу жасынан» тақырыбында 9-11 сынып қыздарына тәрбие сағаты өткізді. «Өлкеміздің табиғаты» атты суреттер көрмесі 5-6 сыныптар арасында өткізіліп, оқушылар берілген тақырып бойынша сурет салды. Мектебіміздің медбикесі Жаба Акерке «Салауатты тамақтану» атты мектеп оқушыларына әңгіме жүргізілді.

5-9 сыныптарға «Менің құқықтарым мен міндеттерім» атты жалпы оқу бойынша әңгіме жүргізілді. Мектеп әкімшілігі жыл бойы 1-11 сынып оқушыларының сабаққа қатысуын қадағалап отырады. 1-11 сынып жетекшілері 1-наурыз алғыс айту күніне орай «Алғыс айтайық» тақырыбында бейнероликтар жасап әлеуметтік желілерге салды. Сонымен қатар мектеп кітапханашылары алғыс айту күніне арналған «Ақ жүрекпен» атты көркем жұмыстар көрмесін ұйымдастырды. Бастауыш сыныптар арасында «Наурыз-Бейбітшілік пен жақсылық мерекесі» сурет сайысы өткізіліп, салынған суреттер әлеуметтік желілерге жүктелді. 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай 1-11 сынып оқушылары арасында «Ана- ардақты ат» атты ашық тәрбие сағаттары өткізілді. Барлық сыныптар белсенді қатысты. Өз наурыз мейрамына орай бастауыш сыныптары «Ұлттық тағамдар» тақырыбында көрме ұйымдастырылды. 9-11 сыныптар арасында «Мен кім болғым келеді», «Мамандықты дұрыс таңдау керек» тақырыбында әңгіме жүргізілді.

Ғарышкерлер күніне орай іс- шаралар жоспарланып өз ретімен өткізілді. 1-11 сыныптар арасында «Ғарыштағы алғашқы адам» тақырыбында тәрбие сағатын өткізді. «Ғарышқа түрен салған қыран казак!» 12- сәуір ғарышкерлер күніне орай 5-10 сыныпта дөңгелек үстел өткізілді. Мектеп кітапханашылары 12 сәуір ғарышкерлер күніне орай кітап көрмесін ұйымдастырды. Қазақ тілі мұғалімі «Егер Мен адамдарға жақсылық жасасам» атты 9-11 сыныптар арасында эссе байқауын өткізім, жеңімпаздарды марапаттады. Сәуірдің төртінші күні 1-11 сыныптар арасында сынып жетекшілері «Біз табиғаттың қорғаушыларымыз» атты сынып сағаттарын өткізді. 3-4 сынып оқушылары «Біз және ғарыш» атты суреттер байқауын өткізді. Оқушылар өте белсенді қатысты. Атап айтсақ 3 «А» сыныбы бас жүлдеге иеленді. 7 мамыр - Отан қорғаушылар күні, 9 мамыр – Ұлы Жеңіс мейрамы құрметіне орай іс- шаралар жоспары құрылып , өз ретімен өткізіліп отырды. 1-11 сынып оқушылары арасында «Қауіпсіз жаз» тақырыбында сынып сағаттары. 1- мамыр Қазақстанның бірлігі күніне орай сынып сағаттары өткізілді. «Бастауышым – бал бұлағым» 4-сынып оқушыларының бастауышпен қоштасу мерекесі өткізілді. Сонымен қатар әр тоқсанда 1-11 сыныптардың сынып жетекшілері міндетті түрде ата-аналар жиналысын өткізіп отырады. Сонымен қатар мектепшілік ата-аналар жиналысы өткізілді. Үшінші ата- аналар жиналысы. 03 наурыз 2023 жыл

Күн тәртібінде:

1. Білім беру процесінде оқушылардың ішкі тәртіп ережелері мен қауіпсіздік талаптарын сақтауы туралы/ О соблюдении учащимися правил внутреннего распорядка, требований безопасности во время образовательного процесса (**Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары/ Зам директора по ВР: Салкынбаева А.А. қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Жампенсова А.М.**)

2. «Ата – аналардың балаларды тәрбиелеу және оларға қауіпсіз жағдай жасау жауапкершілігі. Рұқсат етілмеген бұқаралық іс- шараға қатысқаны үшін әкімшілік жауапкершілік»/ «Ответственность родителей за воспитание детей и за создание для них безопасных условий.Административная ответственность за участие в несанкционированном массовом мероприятии» (**Ағылшын, орыс тілі пәнінің мұғалімдері: Хуанар Мереке., Гайнутдинова И.М**)

3. I тоқсан қорытындысы/ Итоги успеваемости за I четверть (**Директордың оқу - тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары/ Зам директора по УВР: Байтасова Ш.Ш.**)

4. Экстремизм мен терроризм: түсінігі, мәні, көрініс формасы/ Экстремизм и терроризм : понятие, сущность, форма проявления.

(**Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі: Қызырова С.К., Жампенсова А.М**)
Жиналыстың тақырыбы: «Оқушылардың өмір қауіпсіздік негіздері»

Төртінші ата- аналар жиналысы. 29 мамыр 2023 жыл

Күн тәртібінде:

1. Оқу жылының қорытындысы
(Директордың оқу - тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Мадениет Ержанар)
2. Баяндама: «Баланы барлық қатігездіктен қорғау»
(Мектеп психологі Жайсамбаева Е.Ә)
3. Жазғы демалысты ұйымдастыру
(Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Салқынбаева А.А.)
4. Құқықбұзушылықтың салдары мен жауапкершілігі
(Учаскелік полиция инспекторы полиция капитаны Ерик Жолдасұлы Исенов)
5. Жазғы демалыс уақытындағы қауіпсіздік ережесі.
(Бастауыш сынып мұғалімі Жунусова Н.Ж)